

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1199 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есеп шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы N 266 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 наурыздағы N 90 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 25 сәуірде тіркелген. Тіркеу N 2244. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.08.2016 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасындағы банктерде клиенттердің банктік шоттарын ашу және жабу тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы N 266 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1199 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 8 қазандағы N 382 қаулысымен бекітілген өзгерістерімен қоса 2002 жылғы 17-30 шілдеде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "**В е с т н и к** Национального Банка Казахстана" басылымдарында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі туралы нұсқаулықта:

1 - т а р м а қ т а :

"Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы", Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы

" Заң күші бар Жарлықтарына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ", "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы ", " Ақша төлемі және аударымы туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығында, "Ақша төлемі және аударымы туралы" деген сөздер "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы ", " Ақша төлемі және аударымы туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздер алынып тасталсын;

1 1 - т а р м а қ т а :

1) т а р м а қ ш а д а :

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"клиенттің салық есебіне қойылу фактісін растайтын салық қызметі органы берген құжаттың көшірмесі;" ;

мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"статистикалық карточкасының көшірмесі;" ;

2) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"клиенттің салық есебіне қойылу фактісін растайтын салық қызметі органы берген құжаттың көшірмесі;" ;

3) т а р м а қ ш а д а :

үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"клиенттің Қазақстан Республикасында, филиалдар мен резидент емес заңды тұлғалардың өкілдіктері үшін - олардың Қазақстан Республикасында тіркелген жері бойынша салық есебіне қойылу фактісін растайтын салық қызметі органы берген құжаттың көшірмесі;" ;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"сауда тізілімінен не осындай сипаттағы, резидент емес заңды тұлғаны тіркеген орган, тіркеу нөмірі, күні және тіркеу орны туралы ақпарат бар, мемлекеттік немесе орыс тіліне аудару арқылы белгіленген тәртіппен расталған (құрылу үшін арнаулы тіркеу талап етілмейтін ұйымдарды қоспағанда) және қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына немесе қатысушысының біреуі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық шартқа сәйкес жария етілген құжаттан үзінді-көшірме;

қол қою және мөр таңбасының үлгілері бар құжатқа сәйкес клиенттің банктік шотын жүргізуге (банктік шоттағы ақшаға иелік жасауға) байланысты операциялар жасау кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (

тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі;"

5) т а р м а қ ш а д а :

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"клиенттің салық есебіне қойылу фактісін растайтын салық қызметі органы берген құжаттың көшірмесі;"

бесінші абзац алынып тасталсын;

12-тармақтағы ", банктік салым шартында көзделген басқа да қызмет көрсетуге" деген сөздер алынып тасталсын;

14-тармақтың бесінші абзацының мемлекеттік тілдегі мәтіні мынадай жаңа редакцияда жазылсын: "Шартта Тараптар келіскен, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де талаптар болуы мүмкін";

17 - т а р м а қ т а :

1) т а р м а қ ш а д а :

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"клиенттің салық есебіне қойылу фактісін растайтын салық қызметі органы берген құжаттың көшірмесі;"

мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"статистикалық карточкасының көшірмесі;"

2) т а р м а қ ш а д а :

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"клиенттің салық есебіне қойылу фактісін растайтын салық қызметі органы берген құжаттың көшірмесі;"

алтыншы абзац алынып тасталсын;

3) т а р м а қ ш а д а :

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"сауда тізілімінен не осындай сипаттағы, резидент емес заңды тұлғаны тіркеген орган, тіркеу нөмірі, күні және тіркеу орны туралы ақпарат бар, мемлекеттік немесе орыс тіліне аудару арқылы белгіленген тәртіппен расталған (құрылу үшін арнаулы тіркеу талап етілмейтін ұйымдарды қоспағанда) және қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына немесе қатысушысының біреуі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық шартқа сәйкес жария етілген құжаттан үзінді-көшірме;"

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"қол қою және мөр таңбасының үлгілері бар құжатқа сәйкес клиенттің жинақ шотын жүргізуге (жинақ шотындағы ақшаға иелік жасауға) байланысты операциялар жасау кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі;"

18 - тармақта :

бірінші абзацтағы "адамның" деген сөзден кейін "- клиенттің" деген сөзбен толықтырылсын ;

1) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жинақ шотын ашу кезінде осындай құжатты ұсыну талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда, клиенттің салық есебіне қойылу фактісін растайтын салық қызметі органы берген құжаттың көшірмесі;"

2) тармақшада :

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"клиенттің салық есебіне қойылу фактісін растайтын салық қызметі органы берген құжаттың көшірмесі (егер клиент салық заңдарына сәйкес салық төлеуші болып табылған және оған салық төлеушінің тіркеу нөмірі берілген жағдайда);" ;

мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"он алты жасқа жетпеген, кәмелетке толмаған тұлғалар-клиенттер үшін - туу туралы куәлік;" ;

20 - тармақта :

бірінші абзацтағы "қол қою үлгісі бар құжаттан және" деген сөздер алынып тасталсын ;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Клиенттің банктік шот ашу үшін осы Нұсқаулықта көзделген басқа құжаттарды банкке ұсынуы шартымен заңды тұлға клиенттер үшін қол қою үлгілері мен мөр таңбасы бар бір құжат негізінде бір мезгілде клиенттің бір банкте (филиалда, бөлімшеде) бірнеше банктік шотын ашуға жол беріледі.;"

22-тармақтың мемлекеттік тілдегі мәтіні мынадай жаңа редакцияда жазылсын :

"22. Есепшот ашу үшін клиент берген құжаттардың, клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттан (кәмелетке толмаған клиенттің тууы туралы куәліктен) басқасы банкте әрбір клиент бойынша арнайы ашылған істе шартпен бірге тігіліп , сақталуға тиіс.;"

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"43. Заңды тұлғаның - клиенттің таратылуына немесе қайта құрылуына байланысты немесе заңды тұлғаның есепшотында бір жылдан астам, ал жеке тұлғаның есепшотында үш жылдан астам уақыт бойы ақша болмауына байланысты жабылған жағдайларды қоспағанда, осы шотқа қойылған талаптардың орындалмағаны болған кезде банктік шотты жабуға, сондай-ақ заңды тұлғаның - клиенттің таратылуына немесе қайта құрылуына байланысты шотты жабу жағдайларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының валюта

заңдарына сәйкес банкке клиент ұсынатын сыртқы экономикалық экспорт-импорт келісім-шарттары бойынша клиентте орындалмаған талаптар болған кезде ағымдағы шотты жабуға тыйым салынады."

2. Заң департаменті (Шәріпов С.Б.):

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Б.Жәмішевке жүктелсін.

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы